

Соғыс жылдарынан кейінгі Германия және Қазақстан

- Орындаған: Утегалиева Г. А
(психология 19.629)
- Тексерген: Саржанова С. С

Жаулап алу саясаты. Ойсырай жеңілген Германия жерін одақтастардың әскерлері басып алды. Бастапқы кезеңде-ақ одақтастар, герман милитаризмі мен нацизмді жою, мемлекетті фашизм қалдықтарынан тазарту (денацификациялау), ірі картелдерді, соғысқұмар күштерді күйрету және демократияландыру қажеттігін жақтады. Потсдам конференциясының шешіміне сәйкес Германияны басқару үшін Бақылау кеңесі құрылды.

Алғашқы экономикалық жаңартулар. Бүлінген шаруашылық пен қаржы жүйесінің күйреуі Германияны дағдарысқа түсірді.

1945 жылдың соңында Кеңес Одағы басып алынған аймақтарда экономикалық реформаларды жүзеге асыру қимылдары байқалды. Кәсіпорындар тәркіленіп, экономиканың мемлекеттік секторларының қарамағына өтті. Экономика саласы жоспарлық жүйеге сүйеніп дами бастады. Аграрлық реформа қолға алынды.

Батыс аймақтардағы экономикалық өзгерістер басқаша жағдайда жүзеге асырылды. Басып алушылар металлургия топтарының ірі кәсіпорындарын тәркіледі. Біртіндеп батыстағы әкімшілік органдар кең түрде етек алған тәркілеу әрекеттерін доғарып, әскери-өндірістік объектілерді құнсыздандырудан бас тартты.

“Маршалл жоспарына” арналған қаржының жартысынан көбі Батыс Германияға бөлінді.

1948 жылғы ақша реформасының нәтижесінде батыс аймақтардағы қолдағы көптеген бос ақшалар азайып, тұрақты ақша жүйесі құрылды. Бұл жағдай жекеменшік экономикалық қатынастарды жандандырды, өндірістік өнімнің өсуіне жағдай жасады. Сыртқы сауданың көлемі өсті. Шаруашылық қатынастарының дамуы екі аймақтағы экономикалық бөлшектенудің барысын тереңдетіп, елдің екі ірі аймаққа бөлінуіне әкеліп соқты.




1948 жылғы Берлин дағдарысы және Германияның ыдырауы. 1948 жылы ақпан—маусым айларында Лондон конференциясында Кеңес Одағы өкілдерінің тікелей қатыспағанына қарамастан Германия мәселесі қаралды.

Конференция Құрылтай жиылысын шақырып, жаңа Германия мемлекетінің конституциясын дайындау керек деген шешім қабылдады.

Сол кезеңде америкалық әкімшілік Германияның батыс бөліктеріне “Маршалл жоспарын” кең таратты. Ақша реформасы жүргізілді. Бұған жауап ретінде Шығыс Германия аумағында шығыс маркасы енгізілді. 1948 жылғы 24 маусымынан бастап кеңес әскерлері Батыс Берлин 112 бөлшегін қоршап, басқа батыс аймақтармен барлық қатынастарын үзді. Батыс Берлин тұрғындары қоршауда қалды, халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету қиынға соқты. Сөйтіп, Берлин дағдарысы басталды. Батыс Берлин тұрғындарының жағдайын жақсарту және азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін АҚШ әкімшілігі әуежолын пайдаланды. 324 күн бойы АҚШ-тың ауыр ұшақтары азық-түлік және басқа керекті заттарды жеткізумен болды. Саяси сападағы маңызды құбылыс Германияның батыс аймақтары үшін конституция дайындайтын парламенттік кеңес құруды талап етті. Осы негізде 1949 жылғы 14 тамызда бундестаг сайлауы өткізілді. Мұнда жетекші рөлде ХДО болды. Жоғары палата — бундесрат — жергілікті өкілдерден құрылды.

1949 жылы 7 қыркүйекте конституция бекітіліп, Германия Федеративтік Республикасы (ГФР) құрылды. К. Аденауэр ГФР үкіметін басқарды. Шығыс Германияда 1949 жылы 7 қазанда Герман Демократиялық Респуб ликасы (ГДР) құрылды. Сөйтіп, Германия жерінде әлеуметтік жүйесі екі түрлі қос мемлекет пайда болды.

Аденауэр кезеңі. Германдық “экономикалық ғажап” (1949—1963 жж.). ГФР әлеуметтік мәселелердегі мемлекеттің жауапкершілігін негіздейтін саясат ұстанды. Ол жаңа либерализм бағыты еді. Жалпыұлттық маңызы бар өнеркәсіпті қаржыландыру үшін қаржы қорларын жинау керек болды. Нарықтық қатынастардың дамуына соғыстан кейінгі жылдардағы күшті корпорацияларды нығайту шаралары әсер етті. Екі онжылдықта елдің өнеркәсібі 8,5 есе өсті. ГФР-де индустрияны жаңғырту үрдісі басталды. Еңбекке қабілетті барлық тұрғындар жұмыспен қамтамасыз етілді, ереуілдер сиреді, тұрмыс деңгейі көтерілді. “Германдық ғажаптың” алғышарттық негіздері бар болатын. Алдымен шаруашылықты қалпына келтіру және өндірісті жаңарту әрекеті ең жаңа техникалық негіздерге сүйенді. Жаңарту жүйесі өндіріс пен капиталды барынша шоғырландыру арқылы іске асты. Әскери шығындардың болмауы неміс халқы үшін едәуір жеңілдік әкелді. Сондай-ақ Германияда отарларды басқаруға кететін шығындар жоқ болды.





Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін еліміздің экономикалық жағдайы өте қиын болды. Жау қолында болған қалалар мен селолардың тек қирандылары ғана жатты. Кеңес Одағы байлығының үштен бірі жойылып кетті. 1710 қала, 70 мыңнан астам деревнялар мен селолар, көптеген зауыттар мен фабрикалар, шахталар, мыңқаған шақырым теміржолдар және т.б. істен шығып қалды. Соңғы тарихи деректер бойынша, Кеңес Одағынан соғыста 30 млн-ға жуық адам қаза болды. Бұл елдеп адам ресурстарының тапшылығына алып келді. Осынау қиындықтарға қарамастан қысқа мерзім ішінде халық шаруашылығын қалпына келтіру керек болды. Қазақстан халқы халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру ісіне белсене араласты. Ондаған қала-лар мен аудандарға туысқандық көмек жасады. Мыңдаған қазақстандық жұмысшылар мен мамандар Ленинград пен Сталинградта, Брянск пен Донбаста, Солтүстік Кавказда, Украинада, Белоруссияда және Кеңес Одағының басқа да аудандарында аянбай еңбек етті.

Қазақ жерінде әскери ендірістің, Семейдеп атом полигонының, басқа да әскери нысандардың құрылымдық жүйесі жасалды. Ақтөбе темір балқыту, Теміртау металлургиялық зауыттарының жаңа қуатты бөлімдері іске қосылды. Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты алғашқы өнімін берді. Балқаш мыс балқыту зауыты өнім шығаруды ұлғайтты. Ембі бассейнінде - Қаратон мен Мұнайлыда жаңа кәсіпорындар іске қосылып, 1950 жылы мунай өндіру соғысқа дейінп кезеңмен салыстырғанда 52%-ға өсті. Қаратау тау-кен химия ком-бинаты құрылысының бірінші кезегі аяқталды. 1954-1958 жылдары Қазақ-стан бойынша Өскемен, Ақтөбе, Шымкент, Қарағанды, Семей, т.б. ірі қалаларда 730 өнеркәсіп орны мен цехтар құрылып, іске кірісті. Жеңіл өнеркәсіп саласында 65 кәсіпорын ел игілігі үшін жұмыс істеді. Бірәқ бұл Қазақстан экономикасындағы «Б» тобының артта қалуын білдіретін еді.

1949 жылдың 29 тамызы Қазақ жері үшін ең қасіретті күндердің бірі ретінде тарихқа енді. Өйткені Семей полигонында ядролық бомбаға алғашқы сынақ жасалды. Семей полигонында 1964 жылға дейін ашық атмосферада атом бомбасына 113 сынақ еткізілді. 1964 жылдан бастап жер асты сынақ-тары өткізіле бастады.



Кеңес Одағы бойынша 1954 жылы 13,4 млн гектар тың және тыңайған жерлер жыртылды. Оның 6,5 млн гектары, яғни 50%-ы Қазақстанда. Осы-лайша жаппай тың және тыңайған жерлерді игеру қозғалысы басталды. Тек 1954-1955 жылдары бір жыл ішінде Қазақ өлкесінде жаңа 337 совхоз құрылды. Жаңадан құрылған совхоздардың атауларының өзі кеп жайтты аңғар-тып тұрса керек: «Мәскеу», «Ленинград», «Киев», «Ростов», «Одесса», «Кан-темировец», «Тамановец» совхоздары құрылды. Олар Ақмола, Кекшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында құрылды. 1954-1955 жылдары бүкіл Кеңес Одағы бойынша 29,7 млн га тың және тыңайған жер, оның ішінде Қазақстан бойынша 18 млн га, яғни 66,6% жер жыртылды. Тың және тыңайған жерді игеру нәтижесінде Кеңес Одағында жан басына шаққанда 2 мың кг астық өндіру мүмкін болды. Ал дүниежүзілік тәжірибеде жан басына 1 мың кг астық жеткілікті болатын.



Тың және тыңайған жерлерді игерудің зардаптары да болды. 1960 жыл-дарға қарай Қазақстанның тың өлкелерінде 9 млн га жер жел эрозиясына ұшырады. 1954-1962 жылдар аралығында тың игеру үшін Қазақстанға КСРО-ның тек еуропалық бөлігінен 2 млн адам әкелінді. Республикада қазақ халқының үлесі 30%-ға дейін төмендеп, ұлттық тіл, салт-дәстүр мен халықтың әлеуметтік институттарының жойылып кету қаупі туды. 1962 жылы Н. Хрущевтің бастамасымен солтүстік облыстар тың өлкесіне біріктіріліп, Ақмола қаласы Целиноград деп өзгертілді.





И. Сталин өлгеннен кейін (наурыз 1953 ж) Коммунистік партияның ОК-нің бірінші хатшысы болып Н. Хрущев сайланды Осы кезде Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы қызметінен Ж. Шаяхметов босатылып, оның орнына П. Понамеренко, екінші хатшылыққа Л. Брежнев, ал Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болып Д. Қонаев сайланды. Н. Хрущев билікке келгеннен кейін қоғам өмірін демократияландыру бағытында әрекет жасады. 1956 жылы ақпанда партияның XX съезі өтіп, онда жеке басқа табынудың зардаптарын жою туралы мәселе қаралды. Бұл съезде сталинизм қылмыстары әшкереленіп, оның қуғын-сүргін саясаты адамзатқа қарсы жасалған қылмыс деп бағаланды. Соған сәйкес Қазақстанда Т. Рысқұлов, С. Асфендияров, С. Сейфуллин, Б. Майлин, Н. Нұрмақов сынды қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар ақталды. Бірақ Алаш қайраткерлері ақталмай қалды. Бұл Кеңес Одағындағы тоталитарлық әміршіл-әкімшіл жүйенің әлі де болса ез күшінде екенін білдірді.



Сонымен «Хрущев онжылдығы» (1953-1964 жылдары) бір жағынан, XX съездегі «Жеке басқа табыну мен оның зардаптарын жою туралы» қаулы қабылдау арқылы саяси өмірді демократияландыру саясатымен ерекшеленсе, екінші жағынан, валютаристік және субъективтік шешімдер арқылы экономиканы экстенсивті жолмен дамыту әрекетімен тарихта қалды.